



**XX ғ. 20-30 жж. Маңғыстаудың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.**

**Бекенжанова Айнаш Алтынмұратқызы,**

*Есенов университеті, «Тарих және және дәстүрлі өнер» кафедрасының  
аға оқытушысы, магистр*

*Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы*

*Андатпаю.* Бұл мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарастырылады. Кеңес өкіметінің жүргізген ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру және салық саясатының Маңғыстау халқының дәстүрлі шаруашылығына тигізген зардаптары талданады. Сонымен қатар 1927–1928 жылдардағы жұт, 1931 жылғы көтерілістер, ашаршылық пен жаппай босқыншылықтың халық тұрмысына әсері көрсетіледі. Мақалада мал шаруашылығының құлдырауы, халық санының азаюы, әлеуметтік күйзеліс және саяси қуғын-сүргін мәселелері тарихи деректер негізінде сипатталған.

Маңғыстау - Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан, Каспий теңізімен шектесетін ерекше аймақ. Өңірдің климаты қуаң, шөлейтті болғандықтан, халық негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Түйе, қой және жылқы өсіру жергілікті тұрғындардың негізгі күнкөріс көзі болды. Сонымен қатар Каспий маңында балық шаруашылығы дамыды.

XX ғасырдың 20–30 жылдары Қазақстан тарихындағы аса күрделі әрі қайшылыққа толы кезеңдердің бірі болды. Бұл уақыт аралығында кеңестік билік орнап, елде түбегейлі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер жүзеге асырылды. Сол өзгерістердің ықпалы Қазақстанның батыс өңірлеріне, соның ішінде Маңғыстау аймағына да қатты әсер етті. Маңғыстау өлкесінің табиғи-географиялық ерекшеліктері, көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономикасы және халықтың дәстүрлі тұрмыс-салты кеңестік реформалар барысында үлкен өзгерістерге ұшырады.

1925-1927 жылдарда СССР Ғылым академиясының айырықша комитеті Одақ көлемінде одақтық, автономиялық республикалар бойынша зерттеулер жүргізген. Осы айырықша комитеттің «Адай үйезінің қазақтары» деген Ә.Н.Бөкейхан еңбегінде:

«Адай үйезі Каспий теңізі мен Арал теңізінің аралығында 42 және 50 параллелінде орналасқан. Жер көлемі 303325 шаршы км (1928 жылғы мәлімет бойынша 345200 шаршы км). 1925 жылдың мәліметі бойынша Адай үйезінде 27 болыс, 216111 шаруашылық, 127798 адам, (1928 жылғы мәлімет бойынша 170 мыңнан астам), оның 66015 ерлер, 61183 әйелдер. Осы 27 болыстың Ойыл және Қазыбек болыстары таздар мен ысық рулары, олар Ойыл маңын қоныстанған. Үш



болыс шөмішті, табын және адай руларынан құралған. Бұлар үйездің шығыс бетінде орналасқан. Қалған 22 болыс адай рулары», - деп көрсетіледі. [1]

Адай округінің халқы ауыл шарушылығымен, оның ішінде негізінен мал шарушылығымен айналысты. Маңғыстау халқы қысы-жазы көшпелі өмір кешіп, шөп шауып, қора салып, жаппай тұрақты мекен тебе бермесы де белгілі аймақтарды жайлап, қыстап жүрген.

Азамат соғысынан кейінгі кезеңде жалпы Батыс Қазақстан өңірі экономикалық тығырықтан шыға алмайды. Бұл өлкеде 1924-1925 жылдың өзінде де ашаршылық орын алған еді. Экономикалық дағдарыстың нәтижесінде бұл өңірдің (Ақтөбе, Орал губерниялары және Адай округі) халқы 1921-1928 жылдар аралығында 229 895 адамға кемиді. Жұт Маңғыстау жерінде жиі кездесетін құбылыс болды. Қазақта «жұт жеті ағайынды» деген сөз бар. 1927 жылдың жазында орын алған құрғақшылық және егістік пен шабындық жерлердің көбін қарақұрым боп ұшып келген шегірткелердің отап кетуі қыстың қарлы боранына ұласты. Маңғыстау округінен жұттың келе жатқандығы туралы орталыққа жеделхаттар түсе бастады.

Маңғыстау округтік атқару комитетінің төрағасы Ахмедов 1927 жылдың жаз айларында-ақ Республика Халық Комиссарлар Кеңесіне, Екіншілік Халық Комиссариатына: «Үлкен жұт қаупі бар. Тез арада азық-түлік, жем-шөп жеткізіп алуымыз керек. Жергілікті бюджетте, кооперацияда қаржы жоқ. Өкімет көмегі керек... Хасавюрттан жем-шөп жеткізіп алмаса, мал аштан қырылады» - деп хабарлады.[2]

1927-1928 жылдардағы жұт жергілікті тұрғындардың айтуынша 1910 жылғы жұттан да ауыр болды. Ашыққандарға тамақ алу үшін алдағы жылдардың мал өнімдері есебінен қарыз алған Адай округінің енді жұт зардаптарын жоюға (мал сатып алуға) қаржы сұраған өтініштері көбіне аяқсыз қалды. Жұт арасы бір-екі жылда жазылмады.

1927-1928 жылдың қысында әбден күйзелген Маңғыстау халқы Түрікменстан жеріне дендеп еніп, одан әрі Иранға жұмыс іздеп, тамақ табудың амалын қарастыруға кірісті.

Жұтқа қоса үкіметтің орталықтандырылған ет және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және салық саясаты қосылып, халықтың жағдайын тіптен нашарлатты. «Артта қалған халықтардың капитализмге соқтықпай, социализмге өту мүмкіндігі» туралы сорақы елесті орындауға бар күшін жұмсап, қылмысты іске дейін барып, қазақ ауылының дәстүрлі тіршілігін жойып, бұрын-соңды болып көрмеген апатқа соқтырды.



1928 жылдың 27-тамызында Республикалық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы қаулы қабылданады. Осыдан соң үлкен байлар, содан кейін кішігірім байлар, орта, әлді шаруалардың мал-мүлкі тәркілене бастады».[3] Маңғыстауда ірі байларды тәркілеу 1929 жылы басталды. Бұл бағыттағы жұмыстарды Қазақстан Өлкелік атқару комитеті мен Өлкелік партия комитетінің 1930 жылғы 9 желтоқсандағы ауылдық кеңестерді қайта сайлау, байларға тойтарыс беру, малшыларды түгелдей колхоздарға ұйымдастыру және отырықшыландыру туралы міндеттерді атап көрсеткен бірнеше нұсқау хаттары жеделдете түсті.

1929 жылғы ұжымдастыру, шаруашылық өнімдерін дайындау жөніндегі науқан тек байларға ғана емес, кедей шаруаларға да өте қатты соққы болып тиді. Көптеген адамдарды «Тауар бағасын арттырғаны немесе рынокқа шығармағаны үшін» қылмыстық кодекстің 107-бабымен және «Жалпы мемлекеттік мәні бар міндеттерді атқарудан бас тартқаны үшін» қылмыстық кодекстің 61-бабымен жауапқа тартты. Мәселені сотпен шешу деген заң қағидасы өрескел бұзылып, оны тек Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың аппараттары шешіп отырды.[4]

Қазақстанда ұжымдастыруды негізінен 1932 жылдың көктемінде аяқтау жоспарланды. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2%-ы ұжымдастырылса, онда 1930 жылы – 50,5, ал 1931 жылдың қазанына таман шамамен 65% ұжымдастырылды.

1927-1928 жылдары Маңғыстау ауданы бойынша ауыл шаруашылығы салығы 6896 сом 24 тиын болса, 1928-1929 жылы бұл салық 7 есе өсіп 42459 сомға, ал 1930 жылы 103430 сомға, немесе 1928-1929 жылмен салыстырғанда 243,4% өсті.[5]

Есепсіз салық елді күйзелтіп, есеңгіретті. Қалған азын-аулақ малдан да айырылудың күні жақындағаны сезіле бастады. Бұл туралы Маңғыстау аудандық атқару комитетінің «Маңғыстау ауданының 1929-1930 жылдардағы экономикалық жағдайының өзгерістері туралы» баяндамасында 16-ауылда әр отбасына шаққанда 1,7 жылқы, 2,4 түйе, 10,2 қой, 2,7 ешкі келгендігі көрсетілген. Бұл бір ғана ауылдың жағдайы, басқа ауылдардың жағдайының бұдан тәуірлігі шамалы. Аудан бойынша әрбір қожалыққа 3,06 жылқы, 0,2 мүйізді қара, 3,9 түйе, 30 қой, 7,3 ешкіден келген. Ал осыдан 22 жыл бұрын, яғни 1908 жылғы мәлімет бойынша Адай уезінде 1 миллион 786 мың бас төрт түлік болса, содан 1930 жылы тек 20 % қалған.[6]

1931 жылдың 10-қыркүйегіндегі Маңғыстау ауданында шикізат даярлау жоспары бойынша 77,6 % жылқының жал-құйрығы, 36,0% ескі-құсқы шикізат



шүберектер, 10,0% резіңкелер, 0,2% сүйек-саяқтар, 3,7% темір-терсектер және т.б. дайындауға тапсырма берілді.[7]

Осындай халыққа қарсы бағытталған саясат, отырықшыландыру, бай мен кулактарды тәркілеу, күшпен өткізілген ұжымдастыру саясаты бүкіл халықтың наразылығын тудырды. Бұған қоса азаматынан, күнелтіп отырған мал-мүлкінен айырылып, аш-жалаңаштыққа ұшыраған адай жұрты, оған қоса Маңғыстаудың тұрғындары да жаппай толқуда болды. Бірте-бірте олардың кеңес өкіметіне деген сенімі жоғалып, ашу-ызасы арта түсті.

Маңғыстау халқының толқып үркуіне халықтың 60% қатысқан. Үріккен ел жаппай Үстірттің үстіне шықты. Олар Үстірт үстінде 4-5 бағытта болды.

1931 жылдың маусым және шілде айларында үлкен-үлкен топтар жасақтап алған көтерілісшілер шынында да ен даланың қожасына айналды. Бұл көтерілістің кең етек алып, бүкіл халық Маңғыстау түбегінен оңтүстікке қарай, түрікмен, қарақалпақ, өзбек жеріне дейін, шығыста Арал теңізінің батысы және солтүстік-батысы, солтүстікте адай мен табын жеріне шектесіп жатқан Ойыл және Темір ауданының халқы түгелдей дерлік аттанған кезі еді. Олар Голощекин ұйымдастырған зорлық-зомбылыққа, Кеңес үкіметінің коллективтендіру саясатын қысым жасап орнықтыруға, колхоздарды еріксіз ұйымдастыруға қарсы жасқанбай, ашық күреске бел буды.

1931 жылғы аяусыз қырғын адай халқына жан кешті қырғын, саяси қуғын-сүргін, геноцид әкелді. Елді түрлі шұбырынды, босқыншылыққа душар етіп, қасіретті қайғыға ұшыратты. Босқындар мен ауа көшкендер Түрікмен жері мен Қарақалпақстан арқылы әрі қарай шетелге – Ауғанстан мен Иранға өтіп кетті.

Үкімет тарапынан жүргізілген қуғын-сүргіннен және аштықтан қорыққан қазақтар республикадан тысқары жерге және шетелге жаппай көше бастады. Өкіметтің қолдан жасалған қуғын-сүргініне шыдамай үдере көшкендер өздерінің туып-өскен жерінен безуге мәжбүр болды. 1931-1933 жылдарда бұған қызыл қырғыннан барлық шығын - 2 млн. 300 мың адам және қызылтабадан босқыншылығынан барша халықтың 1 900 мыңы шетке қарай біржола үдіре көшкен. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281 280 шаруа қожалығы көшіп кетті, олардың елеулі бөлігі Қытай, Монғолия, Иран, Ауғанстанның жеріне ауып барды. Ашаршылық жылдары республика шегінен тыс жерлерге барлығы 1030 мың адам көшті, олардың 616 мыңы біржолата кетті де 414 мыңы кейіннен Қазақстанға қайтып келді. Олардың ішінде 200 мыңға жуығы Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иран мен Түркияға өтіп кетті.



**Әдебиет:**

1. Сариев І. Қанды ойран. Алматы 2001. 42,43 бб.
2. Маңғыстау ОМА, 17-қор, 2-т, 11-іс, 43-п.
3. Сариев І., Омаров М. Ойрандалған адай даласы. Алматы «Атамұра» 1995. 73 б.
4. Қозыбаев М., Әбілхожин Ж., Алдажұманов Қ. Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру: қорлық пен зорлық. Алматы «Ғылым» 1992. 4 б.
5. Маңғыстау ОМА, 17-қор, 2-т, 9-іс, 98-п.
6. Маңғыстау ОМА, 17-қор, 1-т, 17-іс, 80-81-п.
7. Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы «Санат» 1994. 55 б., 256 б.

